

Ризаходжаева Гулнара Абдумажитовна* – PhD, ассоциированный профессор кафедры педагогических иностранных языков, Международный казахско-турецкий университет имени Ходжи Ахмета Ясави, Республика Казахстан, 161200 г. Туркестан, пр. Б. Саттарханова 29, тел.: +7-777-025-49-49, e-mail: gulnara_rizahodja@mail.ru.

Акешова Мадина Мурзахановна – PhD, ассоциированный профессор языковой школы, Международный университет туризма и гостеприимства, Республика Казахстан, 161200 г. Туркестан, ул. Рабига Султан Бегим 14Б, тел.: +7-701-159-23-95, e-mail: madina_shakh@mail.ru.

XFTAP 14.01.29

ӨОЖ 37.013

<https://doi.org/10.52269/RWEP2522218>

БІЛІМ БЕРУ ҮДЕРІСІНДЕ САНДЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ҚОЛДАНУ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ

Сапарқызы Ж.* – PhD, «Педагогика, психология және бастауыш оқыту әдістемесі» БББ аға оқытушысы, Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті, Қызылорда қ., Қазақстан Республикасы.

Майгельдиева Ш.М. – педагогика ғылымдарының докторы, «Педагогика, психология және бастауыш оқыту әдістемесі» БББ профессоры, Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті, Қызылорда қ., Қазақстан Республикасы.

Нурғалиева М.А. – «Бастауыш оқыту педагогикасы мен әдістемесі» БББ магистранты, Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті, Қызылорда қ., Қазақстан Республикасы.

Бүгінгі таңда сандық технологиялар қоғамның барлық саласында, әлеуметтік қатынастардан бастап білім беру саласына дейін еніп отыр. Сандық технологиялардың білім беру үдерісіндегі маңыздылығы артып, оқытудың жаңа мүмкіндіктерінің туындауына әкелуде. Мақалада оқыту үдерісінде сандық технологияларды қолданудың маңыздылығы, және сол бағытта зерттеу жұмыстарына талдау жасалды. Сандық технологияларды білім беруде қолданудың оқушылар мен мұғалімдер үшін мүмкіндіктері мен тиімділігі туралы баяндалды. ХХІ ғасыр – сандық технологиялар ғасыры. Қазіргі бала сандық технологиялық әлемде өмір сүреді. Осыған байланысты оқыту үдерісінде мұғалімнің рөлі де өзгеруде – ол ақпарат ағынының үйлестірушісі болуы керек. Сондықтан мұғалім оқушылармен бір тілде қарым-қатынас жасау үшін заманауи әдіс-тәсілдерді, жаңа білім беру технологияларын меңгеруі қажет. Осыған байланысты мақалада болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің технологиялық ортада жұмыс жасау қабілеті зерттелді және сандық технологиялар оқыту үдерісін ұйымдастыру бағытында қолдану бойынша тәжірибелік-эксперименттік жұмыстар атқарылды. Алынған нәтижелер келесі қорытынды жасауға мүмкіндік берді: оқушылардың кең ауқымды дағдыларын қалыптастыру үшін мұғалім сандық технологияларды қолдана білуі, және оны оқу үдерісіне енгізе білу қажет. Білім беру үдерісіне сандық технологиялардың енуімен оқыту үдерісі түбегейлі өзгерді. Сандық технологиялар оқытудың жаңа мүмкіндіктерін аша отырып, білім алушылардың білім алуын қызықты, тиімді және қолжетімді етеді. Сол себепті білім беру үдерісінде сандық технологияларды қолдану – бүгінгі күннің өзекті мәселесі.

Түйінді сөздер: сандық технология, сандық технологиялық құралдар, оқыту үдерісі, білім беру платформалары, презентациялық бағдарламалар.

ВАЖНОСТЬ ИСПОЛЬЗОВАНИЯ ЦИФРОВЫХ ТЕХНОЛОГИЙ В ОБРАЗОВАТЕЛЬНОМ ПРОЦЕССЕ

Сапарқызы Ж.* – PhD, старший преподаватель ОП «Педагогика, психология и методика начального обучения», Кызылординский университет им. Коркыт Ата, г. Кызылорда, Республика Казахстан.

Майгельдиева Ш.М. – доктор педагогических наук, профессор ОП «Педагогика, психология и методика начального обучения», Кызылординский университет им. Коркыт Ата, г. Кызылорда, Республика Казахстан.

Нурғалиева М.А. – магистрант ОП «Педагогика и методика начального обучения», Кызылординский университет им. Коркыт Ата, г. Кызылорда, Республика Казахстан.

Сегодня цифровые технологии проникают во все сферы общества от социальных отношений до образования. Важность цифровых технологий в образовательном процессе возрастает, что приводит к появлению новых возможностей обучения. В статье анализируется важность использования цифровых технологий в учебном процессе и проводятся исследования в этом направлении. Описаны возможности и эффективность использования цифровых технологий в образовании для школьников и преподавателей. ХХІ век – век цифровых технологий. Сегодняшний

ребенок живет в цифровом технологическом мире. В связи с этим меняется и роль преподавателя в учебном процессе – он должен быть координатором потока информации. Поэтому учителю необходимо изучать современные методы и новые образовательные технологии, чтобы общаться с учениками на одном языке. В связи с этим в статье рассмотрены способности будущих учителей начальных классов работать в технологической среде, а также проведена практическая работа по использованию цифровых технологий в направлении организации учебного процесса. Полученные результаты позволили сделать выводы о том, что для формирования широкого спектра умений учащихся учителю необходимо использовать цифровые технологии и уметь внедрять их в учебный процесс. С внедрением цифровых технологий в образовательный процесс процесс обучения кардинально изменился. Цифровые технологии делают обучение обучающихся интересным, эффективным и доступным, открывая новые возможности обучения. Поэтому использование цифровых технологий в образовательном процессе – актуальная проблема сегодняшнего дня.

Ключевые слова: цифровые технологии, цифровые технологические инструменты, учебный процесс, образовательные платформы, презентационные программы.

THE IMPORTANCE OF USING DIGITAL TECHNOLOGIES IN THE EDUCATIONAL PROCESS

Saparkyzy Zh. – PhD, Senior Lecturer of the “Pedagogy, Psychology and methods of primary education” educational program, Korkyt Ata Kyzylorda University, Kyzylorda, Republic of Kazakhstan.*

Maigeldiyeva Sh.M. – Doctor of Pedagogical Sciences, “Pedagogy, Psychology and methods of primary education” educational program, Korkyt Ata Kyzylorda University, Kyzylorda, Republic of Kazakhstan.

Nurgaliyeva M.A. – Master's student, “Pedagogy and methods of primary education” educational program, Korkyt Ata Kyzylorda University, Kyzylorda, Republic of Kazakhstan.

Today, digital technologies are permeating all areas of society, from social interactions to education. The growing importance of digital technologies in the educational process is leading to the emergence of new learning opportunities. This article examines the significance of integrating digital technologies into the educational process and presents research conducted in this field. It explores the potential and effectiveness of digital tools in enhancing teaching and learning experiences for both students and educators.

The 21st century is the century of digital technologies. Nowadays, child lives in a digital technological world. In this context, the role of the teacher in the educational process is undergoing transformation—they are now expected to act as coordinators of information flow. Consequently, educators must familiarize themselves with modern methodologies and emerging educational technologies to effectively engage with students in a shared communicative framework. In this regard, the article examines the abilities of future primary school teachers to work in a technological environment, and also carries out practical work on the use of digital technologies in organizing the educational process. To develop a wide range of student skills, a teacher must be able to use digital technologies and be able to introduce them into the educational process. The obtained results allowed us to conclude that, in order to develop a wide range of student competencies, the teacher must be able to effectively use and integrate digital technologies into the educational process. The introduction of digital tools has fundamentally transformed the learning environment. Digital technologies enhance the learning experience by making it more engaging, effective, and accessible, thereby opening up new educational opportunities. Therefore, the integration of digital technologies into education represents a highly relevant and pressing issue of today.

Key words: digital technologies, digital technological tools, educational process, educational platforms, presentation programs.

Қысқашы. Френсис Бэконның тұжырымдауынша: «Кемелдікке қол жеткізуде жалаң қолдың да, ақылдың да құны жоқ, кемелдікке құралдар мен құрылғылардың көмегімен ғана қол жеткізуге болады», – дейді [3].

Бүгінде біз постиндустриалды қоғамда өмір сүріп жатырмыз. Біздің қоғам халыққа қызмет көрсетудің барлық түрлерінде сандық технологияларды ұсына алады: әскери жағдай, денсаулық сақтау, білім, ғылым, мәдениет және т.б. салаларда. Білім беру саласындағы сандық технологиялардың маңыздылығын айтпасақ та белгілі, себебі бүгінде мектепке дейінгі мекемеден бастап жоғары оқу орнына дейін оқыту үдерісін сандық технологиялар арқылы ұйымдастырып отырғандығы белгілі. Сандық технологиялардың әсерінен адамның жалпы өмір салты, өндірістік іс-әрекет процесіндегі адамдар арасындағы қарым-қатынастары жаңарып, экономика мен заманауи білім беру қайта құрылуда. И.Г.Хангелдиева атап өткендей, «Біздің қоғам цифрлық ғасыр дәуіріне енді. Яғни ақпаратпен жұмыс жасаудың аналогты форматынан сандық форматқа көшті. Бұл дегеніміз технологиялық жүйені пайдалана отырып, ақпараттардың кодтаудың әртүрлі әдістерін меңгерудің үстемдік еткен дәуірі. Яғни

сандық технологиялар көптеген мәселелерді шешуге мүмкіндік беретін жылдам әрі әмбебап жұмыс жасауды жүзеге асыратын құрал болып табылады», - деген сөз [2, 48 б].

Жаңартылған білім беру жүйесінде қолданылатын заманауи оқытудың технологиялары дәстүрлі білім беру жүйесіндегі әдістерден анағұрлым тиімдірек, әрі сапалы екендігін дәлелденуде. Яғни сандық технологиялар жас ұрпақтың маңызды ойлау құралдарына айналуға басты мәселесі дидактикалық принциптер мен белсенді оқыту әдістерін сандық технологияларға бейімдей отырып оқыту үдерісін ұйымдастыру болып табылады.

Оқыту үдерісіндегі сандық технологиялар – ақпаратты қабылдау, жинау, өңдеу, сақтау әдістері арқылы мұғалім мен оқушының арасындағы байланысты қамтамасыз ететін құрал. Оқытушы сандық технологиялық құралдармен жұмыс жасай білуі тиіс, және кәсіби қызметінде технологиялық ортада жұмыс жасау білігін үнемі жетілдіріп отыруы қажет [2, 498 б.].

Оқыту үдерісінің тиімділігін арттыру мәселелерімен ондағы сандық технологияларды қолдану бағытында зерттеу жұмыстарын жүргізген Б.С.Гершунский, В.Я.Ляудис, Е.Г.Малиночка, А.Я.Савельев, Г.К.Селевко және т.б. [3, 24 б.].

Ал сандық технологияларды оқу тәрбие үдересінде пайдаланудың психологиялық-педагогикалық принциптері мен шарттары және олардың мүмкіндіктері бағытында зерттеу жұмыстарын жүргізушілер ретінде Ю.Н.Афанасьева, Д.А.Богданова, Ю.Брановский, А.М.Бурлаков, Ю.А.Ваграменко, Т.П.Воронина, И.Е.Вострокнутова, Ж.Н.Зайцеваны атауымызға болады [4, 41-42 б.].

Білім беруде заманауи сандық және ақпараттық технологияларды пайдалану мұғалім мен оқушының оқу үдерісіндегі рөлін арттырады. Оқушы оқу үдерісінің белсенді қатысушысына айналады, мұғалім тек оны белгілі бір дәрежеде бағыттайды, ал оқушы алдына мақсат қояды әр түрлі ақпараттың үлкен көлемімен жұмыс істеуді үйренеді [11].

Сандық технологиялар мұғалім мен оқушы арасында ынтымақтастық пен нәтижелі білім беру қызметіне бағытталған тиімді құрал болып табылады. Заманауи білім беру сандық технологияны терең түсінуді талап етеді. Сандық технологияларды пайдалана отырып оқыту үдерісін ұйымдастыру білім сапасын арттыруға мүмкіндік береді, әрі бүгінгі күннің өзекті мәселесі болып табылады [6, б.161].

Оқыту үдерісінде қолданылатын қазіргі кезеңде кең таралған сандық технологиялар қатарына презентациялық бағдарламалар, білімді бағалау, тексеруге арналған платформалар мен бағдарламаларды айтуымызға болады. Әсіресе оқу тақырыптарын түсіндіру, баяндау кезеңінде презентациялық бағдарламаларды қолдану нәтижелі, әрі оқушының уақытын үнемді пайдалануға көмегін тигізуде. Осыны негізге ала отырып, оқыту үдерісінде сандық технологияларды пайдаланудың маңыздылығын зерттеу тақырыбы ретінде қарастырдық.

Бұл ғылыми **мақаланың мақсаты** – оқыту үдерісінде сандық технологияларды қолданудың маңыздылығын айқындап, *болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің* сандық білім беру ресурстарын пайдалануын зерттеу.

Міндеттері:

- 1) сандық білім беру ресурстарын пайдаланудың теориялық негіздерін зерттеу;
- 2) *болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің технологиялық ортада жұмыс жасау қабілетін зерттеу;*
- 3) *сандық технологиялар оқыту үдерісін ұйымдастыру бағытында қолдану бойынша тәжірибелік жұмыстар атқару, нәтижелерін талдау және қорытынды шығару.*

Материалдар мен әдістер. Оқыту үдерісінде сандық технологиялар дегеніміз не? Бастауыш білім беруге сандық технологияларды енгізудің ерекшелігі қандай? 1-4 сыныптарда оқыту үдерісін ұйымдастыруды сандық технологияларды қалай пайдалануға болады? Бұл сұрақтарды тәжірибелік бөлімде толық қарастылатын боламыз.

Мақала материалдарымен жұмыс істеу барысында біз зерттеу мәселесі бойынша ғылыми әдебиеттерге теориялық талдау жасадық.

Зерттеуші О.Л. Мореваның пікірі бойынша, сандық технологиялар оқыту үдерісінің мәселелерін шешуге мүмкіндік беретін ақпараттық жүйелердің жиынтығы. [7, 379 б.].

И.Е. Девятова және Н.В.Леман пікірінше сандық технологиялар оқыту үдерісінің барлық кезеңдерінде өз бетінше жұмысты ұйымдастыруға қажетті әртүрлі білім беру ресурстары болып табылады [8].

Г.В.Ахметжанова және А.В.Юрьева «Білім берудегі сандық технологиялар» мақаласында сандық технологияларды қолдану материалды сапалы түрде визуализациялауға, кері байланысты ұйымдастыруға және оқушылардың аумақтық орналасуына қарамастан аудиторияның назарын аударуға көмектеседі деген гипотезаны алға тартады [9].

С.В.Титованың пікірінше сандық технологияларды пайдалану арқылы ұйымдастырылған сабақ келесідей дидактикалық міндеттерді шешуге мүмкіндік туғызады:

- оқу материалдарымен жұмыс жасауды оңтайландыру: ақпаратты жылдам іздеу, қол жеткізу, тасымалдау, сақтау және бірлесіп өңдеу;
- оқытудың ақпараттылығын арттыру;
- ақпараттық ортада өзіндік жұмысты ұйымдастыру;
- ақпаратты өз бетінше іздеу, зерттеу, талдау және түсіндіру негізінде оқу қызметін ұйымдастыру;

- жеке оқыту стратегияларын құру;
- өзін-өзі бағалау және топтық бағалауды ұйымдастыру;
- білім алушылардың мотивациясын дамыту [5].

Қазіргі сандық технологияларды пайдалана отырып, мұғалім бірнеше тапсырмаларды орындай алады:

- бастауыш сыныптарда мультимедиялық технологияларды қолдану арқылы оқушылардың қоршаған ортаны тануға деген қызығушылықтары артады;
- бұл оқыту әдісі оқушылардың ойлау қабілеттерін белсендіреді және материалды меңгеру тиімділігін арттырады;
- көрсету қиын немесе қиын процестерді модельдеу және визуализациялау мүмкіндігін қамтамасыз етеді;
- оқушыларға өз бетінше іздену арқылы материалдарды іздеп табуға және проблемалық сұрақтарға жауап табуға мүмкіндік беріледі;
- оқушылардың жаңа тақырыпты меңгеруіне, мысалдар шешуіне, эссе, баяндамалар жазуына, оқу материалдарымен танысуына, ақпарат пен деректерді жылдам таңдап, талдауына жағдай жасалады.

Бүгінгі таңда бастауыш сынып оқушылары мектеп табалдырығын аттамай тұрып, сандық технологиялық ортада жұмыс жасай алу біліктілігін меңгерген. Сондықтан оқыту үдерісін оқушылардың осы ерекшеліктерін ескере отырып, сандық технологияларды пайдалану арқылы ұйымдастыру сабақты мазмұнды әрі тартымды етуге мүмкіндік береді. Оқыту үдерісін сандық технологиялар арқылы ұйымдастыру оқушыларға оқу материалдарын сәтті меңгеруге және бекітуге ықпал жасап қана қоймай, сонымен қатар оқушылардың әлеуметтенуі мен қарым-қатынасқа еркін түсуіне көмектеседі [10-12].


Нәтижелер және талқылау. Эксперименттік-тәжірибелік жұмыс Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінде 6В01303-«Бастауыш оқыту педагогикасы мен әдістемесі» білім беру бағдарламасында оқитын 3 курс білім алушылары арасында өткізілді. Эксперимент жұмысы 3 кезеңді қамтыды.

Бірінші анықтаушы эксперимент бойынша студенттердің сандық технологиялармен жұмыс жасау деңгейін анықтау мақсатында сауалнама алынды.

Екінші қалыптастырушы эксперимент кезеңінде сауалнама жұмысының нәтижелеріне сүйене отырып, сандық технологиялармен практикалық сабақтарда жұмыс жүргізілді және студенттердің ақпараттық ортада әртүрлі сандық платформалармен жұмыс жасау деңгейі анықталды. Оқыту үдерісінде оны қолдану, кіріктіре білу дағдылары анықталды.

Үшінші кезеңінде тәжірибелік-эксперимент жұмысының нәтижелеріне сүйене отырып қорытынды шығарылды.

Эксперименттік-тәжірибелік жұмыс жүргізудің алғашқы аптасында жоғарыда айтылған бағдарламалармен жұмыс жүргізу механизмдері түсіндіру, қолдану жұмыстары өткізілді. Анықтаушы эксперимент кезеңінде білім алушылардан «Білім берудегі сандық технологиялар» тақырыбында сауалнама алынды. Сауалнама жұмысы төмендегідей нәтижелер көрсетті (1-сурет).



1 сурет– Бақылау тобы

Сауалнамаға барлығы 54 респондент қатысты. Бақылау тобы бойынша 25 респонденттің «иә» жауабына сәйкес сандық технологиялармен жұмыс жүргізе алатындардың саны 25% құраса, «ж.б.қиналамын» нұсқасы 45% құрады (2-сурет).





2 сурет – Эксперимент тобы

Эксперимент тобында 29 респонденттің «иә» жауабына сәйкес сандық технологиялармен жұмыс жүргізе алатындардың саны 27,84% құраса, «ж.б.қиналамын» нұсқасы 42,16% құрады. Сауалнама қорытындысы бойынша білім алушылардың сандық технологиялармен жұмыс жасауы төмен деңгейді көрсетті. Осыған сәйкес қатысушылармен білім беру үдерісінде қолданылатын сандық технологияларды меңгерту жұмыстары жүргізілді.

Анықтаушы эксперимент кезеңінде білім алушылардың сандық технологияларды меңгеру біліктілігін анықтау диагностикасы жүргізілді. Осыған сәйкес білім алушылар, 3 курс студенттері, төмендегідей нәтиже көрсетті (1-кесте).

1 кесте – Анықтаушы эксперимент нәтижелері

Сапалық бағалау	Эксперимент тобы – 29						Бақылау тобы – 25					
	Wordwall		Learningaaps		joyteka		Worwall		Learningaaps		joyteka	
	n	%	n	%	n	%	n	%	n	%	n	%
өте жоғары	2	7%	2	7%	3	13%	2	8%	3	12%	3	12%
Жоғары	4	14%	3	13%	4	14%	3	12%	3	12%	2	8%
Орташа	11	38%	12	41%	13	44%	11	44%	9	36%	9	36%
Төмен	12	41%	10	37%	9	30%	9	36%	10	40%	11	44%



3 сурет – Анықтаушы эксперимент нәтижелері

Негізінде айту керек, тәжірибелік жұмыстар бастауыш сыныптарда оқытылатын әдістемелік пәндер негізінде өткізілді. Анықтаушы эксперимент кезеңінде, көріп отырғанымыздай, білім алушылардың сандық технологиялармен жұмыс жүргізе алу деңгейінің салыстырмалы түрде төмен екендігін байқауымызға болады. Тәжірибелік эксперименттің келесі кезеңінде осы платформалармен білім алушылардың өздері жұмыстар жүргізе отырып, панорамалық сабақ өткізді. Сабақ бөліктерінде (ұйымдастыру, өткенде қайталау, жаңа сабақ және бекіту) осы платформаларды пайдаланып тапсырмалар жасады. Практикалық сабақ барысында білім алушы студенттер әдістемелік пәндер негізінде қысқа мерзімді жоспарды құрды және тақырыпқа сәйкес тапсырмаларды сандық технология-

лардың негізінде ұйымдастырды. Мысалы ретінде 4 сыныпта «Қазақ тілі» пәні бойынша қысқа мерзімді жоспарды көрсетуге болады (2-кесте)

2 кесте – Қысқа мерзімді жоспар

Педагогтың аты-жөні	
Күні:	
Сынып:	Қатысушылар саны:
Сабақтың тақырыбы	Қатыспағандар саны:
Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаттары	Сабақ тақырыбы: №78 -сабақ. Көмектес септік
	4.4.2.3.-зат есімді септеу, тәуелденген сөздердің септелуін білу

Сабақтың бастапқы кезеңінде «Миға шабуыл» сұрақтарын *Wordwall* платформасын қолдана отырып ұйымдастырды. Яғни бұл платформадағы дайын шаблондарды қолдана отырып, студенттер тапсырмаларды өздері құрастыруына және онымен бөлісе отырып, оқушылардың нәтижелерін бірден біліп отыруына болады.

Ал сабақтың негізгі бөлімінде жаңа өтіліп отырған тақырыпқа сәйкес сөйлемдерге көмектес септігінің жалғауын жалғап толық мағыналы сөйлем құрау тапсырмасы берілді. Бұл тапсырманы орындау үшін *Learningaaps* платформасы қолданылды. Бұл платформаның да мүмкіндіктері жоғары, және ең бастысы платформада ақысыз негізде жұмыс жүргізе беруге болады.

Сабақтың қорытынды бөлімінде *joyteka* платформасын қолдана отырып қорытынды сұрақ тапсырмалары алынды. Бұл платформаны пайдалана отырып, оқушылар үшін қашықтықтан тапсырма түрлерін ұйымдастыруға болады. Әрі платформада видеоролик түсіріп, квест тапсырмаларын да құрастыру мүмкіндігі қарастылған. Осыған сәйкес қалыптастырушы эксперимент кезеңінде білім алушылардың оқу платформаларымен жұмыс жасау деңгейі төмендегідей нәтиже көрсетті (3-кесте).

3 кесте – Қалыптастырушы эксперимент нәтижелері

Эксперимент тобы – 29							Бақылау тобы – 25					
Сапалық бағалау	Wordwall		Learningaaps		joyteka		Worwall		Learningaaps		joyteka	
	n	%	n	%	n	%	n	%	n	%	n	%
өте жоғары	7	24%	5	17%	7	24%	2	8%	3	12%	4	16%
Жоғары	10	34%	9	31%	10	34%	3	12%	3	12%	3	12%
орташа	9	31%	10	34%	7	24%	14	56%	11	44%	9	36%
төмен	3	11%	5	18%	5	18%	6	24%	8	32%	9	36%

Қалыптастырушы эксперимент жұмыстарына сәйкес білім алушылардың сандық технологиялармен жұмыс жасау біліктілігін артқандығын байқауымызға болады. Егер анықтаушы тәжірибе барысында эксперимент тобы «өте жоғары» деңгейді 2 студент, бұл 7% көрсетсе, «жоғары» деңгейді 4 студент, бұл 14% құраса, «орташа» деңгейді 11 студент, бұл 38%, ал «төмен» деңгейді 21 студент, бұл 41% көрсетті. Ал қалыптастырушы эксперимент кезеңінде «өте жоғары» деңгейді 7 студент, бұл 24% көрсетсе, «жоғары» деңгейді 10 студент, бұл 34% құраса, «орташа» деңгейді 9 студент, бұл 31%, ал «төмен» деңгейді 3 студент, бұл 11% көрсетті.

Бақылау тобының көрсеткіштері «Worwall» платформасымен жұмыс жасауда «өте жоғары» деңгейді 2 студент, бұл 8% көрсетсе, «жоғары» деңгейді 3 студент, бұл 12% құраса, «орташа» деңгейді 11 студент, бұл 44%, ал «төмен» деңгейді 9 студент, бұл 36% көрсетті. «Worwall» платформасымен жұмыс жасауда «өте жоғары» деңгейді 2 студент, бұл 8% көрсетсе, «жоғары» деңгейді 3 студент, бұл 12% құраса, «орташа» деңгейді 14 студент, бұл 56%, ал «төмен» деңгейді 6 студент, бұл 24% көрсетті. Яғни бақылау тобында «орташа» және «төмен» деңгейде ғана өзгеріс болғандығын байқауымызға болады. Себебі бақылау тобымен ішінара жұмыс жүргізіліп отырды, ал эксперимент тобымен күнделікті жұмыстар ұйымдастырылды.

Сонымен оқытушының оқытуда сандық технологияларды қолдануы оқушылардың білім сапасының артуына, танымдық белсенділігінің дамуына, ғылыми-зерттеу жұмыстарына белсенділікпен қатысуына, оқытылатын пәндер бойынша дарынды, қабілетті балаларды анықтауға, оқушылардың теориялық және шығармашылық ойлауына, сонымен қатар оңтайлы шешім қабылдауына ықпал етеді.

Қорытынды. Қорыта келгенде, осылайша оқыту үдерісінде сандық технологияларды пайдалану болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін сабақта білім беру платформаларын қолдануға үйрету және әртүрлі әдістерді пайдалана отырып жұмыс жүргізуіне мүмкіндік беретінін көрсету – ол қазіргі білім

берудің негізгі мақсаты. Қазіргі уақытта оқытушыға сандық технологияларды қолданудың үлкен таңдауы берілген. Оқыту үдерісінде білім беру бағдарламалары мен платформаларын пайдалану оқышыларға алынған ақпараттарды белсенді түрде қабылдауына, оқыту үдерісінде туындаған мәселелерді шешуге, сонымен қатар оқуға деген қызығушылығының артуына ықпал етеді. Сөз соңын былай қорытындыласақ «Тақта мен бор оқытушының негізгі құралы, бірақ оқытушы одан да көп нәрсені қалайды...» Оқытушы сабақтың мүмкіндігінше тиімді, мазмұнды, қызықты өтуін, ақпараттың көп болуын, бірақ балаларды шамадан тыс шаршамауын, керісінше жаңа нәрселерді үйренуде өзіндік қызығушылығының болғанын қалайды. Ал сандық технологияларды пайдалану осы мәселелердің шешімі болып табылады. Оқышылардың оқыту үдерісін сандық технологиялар арқылы ұйымдастыру заман талабына деген құрмет қана емес, мақсатқа сай қажеттілік деген қорытындыға келсек болады.

ӘДЕБИЕТТЕР:

- 1 Хангельдиева И.Г. **Цифровая эпоха: возможно ли продвинутое образование?** [Текст] / И. Хангельдиева // Вестник Московского ун-та. Сер. 20: Педагогическое образование. – 2018. – № 3. – С. 48-60.
- 2 Зеленецкая Л.П., **Применение информационно-коммуникационных технологий в образовании** [Текст] / Л.П. Зеленецкая // Молодой ученый. – 2020. – № 18 (308). – С. 498.
- 3 Григорьев С.Г. **Информатизация образования. Фундаментальные основы** [Текст]: учеб. для студентов педагогических вузов и слушателей системы повышения квалификации педагогов / С.Г. Григорьев, В.В. Гриншкун. – М: МГПУ. – 2005. – 241 с.
- 4 Титова С.В. **Некоторые теоретические проблемы использования компьютерных технологий в образовании** [Текст] / С.В. Титова // Вестник Московского университета. – 2015. – № 4. – С. 39-54.
- 5 Murodova Z.R. **The formation and definition of the intellectual potential in education.** [Text] / Z.R. Murodova // ISJ Theoretical & Applied science. Philadelphia, USA. – 2020. – P. 113-116.
- 6 Dzobelova V.B., Aguzarova L.A., Olisaeva A.V., Kornilova E.E. **Digital Technologies in Education and Their Influence on Modern Society** [Text] / Dzobelova V.B., Aguzarova L.A., Olisaeva A.V., Kornilova E.E. // Conference: "New Silk Road: Business Cooperation and Prospective of Economic Development" (NSRBCPED 2019), Advances in Economics, Business and Management Research. – 2020. – Vol. 131. – P.157-161.
- 7 Морева О.Л. **Формирование представлений о цифровой образовательной среде на уроках технологии в начальной школе** [Текст] / О.Л. Морева // Образование в современном мире: новое время – новые решения. – 2020. – № 1. – С. 377-382.
- 8 Девятова И.Е., Леман Н.В. **Развитие профессиональных компетенций учителя начальных классов в условиях использования ресурсов цифровой образовательной среды** [Текст] / И.Е. Девятова, Н.В. Леман // Вопросы педагогики. – 2021. – № 5-1. – С. 75-79.
- 9 Ахметжанова Г.В., Юрьев А.В. **Цифровые технологии в образовании.** [Текст] / Г.В. Ахметжанова, А.В.Юрьев // Балтийский гуманитарный журнал. – 2018. – №3 (24) – Том 7. – С.335-336.
- 10 Исламгалиева В.Ж., Жуминова А.Б., Смагулова Ф.Б. **Цифровая педагогика как форма инновационного образовательного решения** [Текст] / В.Ж. Исламгалиева, А.Б. Жуминова, Ф.Б. Смагулова // 3i: intellect, idea, innovation – интеллект, идея, инновация». – 2024. – №4. – С. 214-220.
- 11 Abid Haleem, Mohd Javaid, Mohd Asim Qadri, Rajiv Suman. **Understanding the role of digital technologies in education** [Text] / Haleem Abid, Javaid Mohd, Asim Qadri Mohd, Suman Rajiv // *Sustainable Operations and Computers Journal*. – 2022. – Vol. 3. – pp. 275-285.
- 12 Dr. Shaheen Parveen, Shaikh Imran Ramzan. **The Role of Digital Technologies in Education: Benefits and Challenges** [Text] / Dr. Shaheen Parveen, Shaikh Imran Ramzan // *International Research Journal*. – 2024. – Vol. 2. – pp. 2029-2037.

REFERENCES:

- 1 Hangeldieva I.G. **Cifrovaya e'poha: vozmozhno li prodvinutoe obrazovanie?** [The Digital age: is advanced education possible?]. *Vestnik Moskovskogo universiteta*, Ser. 20: *Pedagogicheskoe obrazovanie*, 2018, no. 3, pp. 48-60. (In Russian)
- 2 Zeleneckaya L.P., **Primenenie informacionno-kommunikacionny'h tehnologij v obrazovanii** [Application of information and communication technologies in education]. *Molodoy uchenyj*, 2020, no. 18 (308), 498 p. (In Russian)
- 3 Grigorev S.G. **Informatizaciya obrazovaniya. Fundamental'ny'e osnovy'** [Informatization of education. Fundamentals]. Moscow, MGPU, 2005, 241 p. (In Russian)
- 4 Titova S.V. **Nekotory'e teoreticheskie problemy' ispol'zovaniya komp'yuterny'h tehnologij v obrazovanii** [Some theoretical problems of using computer technologies in education]. *Vestnik Moskovskogo universiteta*, 2015, no. 4. pp. 39-54. (In Russian)

- 5 Murodova Z.R. The formation and definition of the intellectual potential in education. ISJ Theoretical & Applied science, Philadelphia, USA, 2020, pp. 113-116.
- 6 Dzobelova V.B., Aguzarova L.A., Olisaeva A.V., Kornilova E.E. Digital Technologies in Education and Their Influence on Modern Society. Conference: "New Silk Road: Business Cooperation and Prospective of Economic Development" (NSRBCPED 2019), Advances in Economics, Business and Management Research, 2019, vol. 131, pp.157-161.
- 7 Moreva O.L. Formirovanie predstavlenij o cifrovoj obrazovatel'noj srede na urokah tehnologii v nachal'noj shkole [Development of concepts related to the digital educational environment of handicraft lessons in primary school]. *Obrazovanie v sovremennom mire: novoe vremya – novye resheniya*, 2020, no. 1, pp. 377-382. (In Russian)
- 8 Devyatova I.E. Razvitie professional'ny'h kompetencij uchitelya nachal'ny'h klassov v usloviyah ispol'zovaniya resursov cifrovoj obrazovatel'noj sredy' [Development of professional competencies of a primary school teacher in the context of using resources of the digital educational environment]. *Voprosy' pedagogiki*, 2021, no. 5-1, pp. 75-79. (In Russian)
- 9 Ahmetzhanova G.V., Yurev A.V. Cifrovye tehnologii v obrazovanii [Digital technologies in the education]. *Baltiyskij gumanitarnyj zhurnal*, 2018, no. 3 (24), vol. 7, pp. 335-336. (In Russian)
- 10 Islamgalieva V.J., Zhuminova A.B., Smagulova F.B. Cifrovaya pedagogika kak forma innovacionnogo obrazovatel'nogo resheniya [Digital pedagogy as a form of innovative educational solution]. *3i: intellect, idea, innovation*, 2024, no.4, pp. 214-220. (In Russian)
- 11 Abid Haleem, Mohd Javid, Mohd Asim Qadri, Rajiv Suman. Understanding the role of digital technologies in education. *Sustainable Operations and Computers Journal*, 2022, vol. 3, pp. 275-285.
- 12 Dr. Shaheen Parveen, Shaikh Imran Ramzan. The Role of Digital Technologies in Education: Benefits and Challenges. *International Research Journal*, 2024, vol. 2, pp. 2029-2037.

Авторлар туралы мәліметтер:

Сапарқызы Жаннат* – PhD, «Педагогика, психология және бастауыш оқыту әдістемесі» БББ аға оқытушысы, Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті, Қазақстан Республикасы, 120014 Қызылорда қ., Айтеке би көш. 29 А, тел.: +7-778-323-97-96, e-mail: 793@mail.ru.

Майгельдиева Шарбан Мусабековна – педагогика ғылымдарының докторы, «Педагогика, психология және бастауыш оқыту әдістемесі» БББ профессоры, Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті, Қазақстан Республикасы, 120014 Қызылорда қ., Айтеке би көш. 29 А, тел.: +7-708-871-17-67, e-mail: sharban56@mail.ru.

Нурғалиева Малика Алиевна – «Бастауыш оқыту педагогикасы мен әдістемесі» БББ магистранты, Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті, Қазақстан Республикасы, 120014 Қызылорда қ., Айтеке би көш. 29 А, тел.: +7-747-820-42-00, e-mail: nmk.alievna@mail.ru.

Сапарқызы Жаннат* – PhD, старший преподаватель ОП «Педагогика, психология и методика начального обучения», Кызылординский университет им. Коркыт Ата, Республика Казахстан, 120014 г. Кызылорда, ул. Айтеке би 29 А, тел.: +7-778-323-97-96, e-mail: 793@mail.ru.

Майгельдиева Шарбан Мусабековна – доктор педагогических наук, профессор ОП «Педагогика, психология и методика начального обучения», Кызылординский университет им. Коркыт Ата, Республика Казахстан, 120014 г. Кызылорда, ул. Айтеке би 29 А, тел.: +7-708-871-17-67, e-mail: sharban56@mail.ru.

Нурғалиева Малика Алиевна – магистрант ОП «Педагогика и методика начального обучения», Кызылординский университет им. Коркыт Ата, Республика Казахстан, 120014 г. Кызылорда, ул. Айтеке би. 29 А, тел.: +7-747-820-42-00, e-mail: nmk.alievna@mail.ru.

Saparkyzy Zhannat* – PhD, Senior Lecturer of the "Pedagogy, Psychology and methods of primary education" educational program, Korkyt Ata Kyzylorda University, Republic of Kazakhstan, 120014 Kyzylorda, 29a Aiteke bi Str., tel.: +7-778-323-97-96, e-mail: 793@mail.ru.

Maigeldiyeva Sharban Musabekovna – Doctor of Pedagogical Sciences, Professor of the "Pedagogy, Psychology and methods of primary education" educational program, Korkyt Ata Kyzylorda University, Republic of Kazakhstan, 120014 Kyzylorda, 29a Aiteke bi Str., tel.: +7-708-871-17-67, e-mail: sharban56@mail.ru.

Nurgaliyeva Malika Aliyevna – Master's student, "Pedagogy and methods of primary education" educational program, Korkyt Ata Kyzylorda University, Republic of Kazakhstan, 120014 Kyzylorda, 29a Aiteke bi Str., tel.: +7-747-820-42-00, e-mail: nmk.alievna@mail.ru.